

## АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОН ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жеканаев Н.Қ.**

[Nurzhan\\_zhekenaev@mail.ru](mailto:Nurzhan_zhekenaev@mail.ru), [n.makpal@mail.ru](mailto:n.makpal@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Нуркенова М.Ж.

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңда еліміздің қалалары дамып, ауылдарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұралап артта қалып бара жатқанына көпшілік куә. Себебі, заман алға жылжыған ғасырда өмір сүріп жатқанымызбен, елді-мекен тұрғындары қарапайым, негізінен қолжетімді болуы тиіс ауыз су, жол, көгілдір отын секілді қажеттіліктерге әлі күнге шағымданатынын БАҚ арқылы күнде естіп, біліп жүрміз. Расымен, ауыл халқының осындай әлеуметтік мәселелерін айтпағанда, инфрақұрылымдық жағынан да ақсап тұрғанын айтпасақ та белгілі. Алдымен, ауылдарды көркейтіп, оның әлеуметтік- экономикалық жағдайын жақсарту не үшін қажет деген сауалға тереңінен тоқталсақ... Ауылдағы халық күнделікті күйбең тірліктен шаршап, тірлігі шағын елдімекендермен салыстырғанда автоматтандырылған қалаларға қоныстанғысы келеді. Келбетті шаһарларға қоныстанып, қаланың қызу тірлігіне араласып, модернизациялануды көздейді. Қаржылық тұрақтылығы, сауаты үшін де қалаға ұмтылатын ауылдықтардың қатары өскен. Тіпті, бүгінде ауылға барып қызмет еткісі келетін жастар жоқтың қасы. Бұл риясыз шындық. Жалпы соңғы санақтың нәтижесіне сүйенсек, Қазақстанда тұратын халықтың 20% астамын жастар құрайды. Осы жастарды еліміздің стратегиялық ресурсы деп есептейтін болсақ, оларды елдің болашағы ретінде ауылдағы да, қаладағы да мемлекетті дамыту салаларына бағыттаған жөн. Ал, енді инфрақұрылымы ақсаған, қарапайым қажеттіліктерге қолы жетпей отырған елдімекендерде қызу қанды, арманы асқақ, жігерлі жастар қол қусырып отырмасы айдан анық. Сонда ауылдарды мекендейтіндер кімдер? Тек белі бүгілген, таяғына сүйенген қариялар, бесіктегі балалар деуге болады. Ал, жаңадан отау құрып, ауылдық жерлерде өмір сүріп жатқан жастар өте аз. Олардың өзі уақыт өте «Қала қайдасың?» - деп қоныс аударып жатады. Меніңше, ауылдардан осылай жастар тұрмақ, қарттардың өзі үдере көше беретін болса, ауыл халқы құрып кете ме деген қауіп бар. Урбанизация да негізі, үлкен мәселе. Сондықтан, ауылдарды дамыту, көркейту, аудан орталықтары сияқты деңгейге жеткізу аса маңызды. Ал, қазіргі шалғайда орналасқан қайбір ауылды қарасаң да ақсап тұрған тұсы жетерлік. Бәрін айт та бірін айт, ауылдың қозғаушы күші, стратегиясы жоғары білім алған жас мамандар. Бүгінде ауылдарды дамыту алға қойылған негізгі мақсаттардың бірі. Мемлекет басшысының жалпы үкіметке қойған мақсаты ауылдарды көтеру болып отыр. Сондықтан, бұл ауыл тақырыбы бүгінде аса өзекті мәселелердің бірі. Осы себепті, ауылдардың инфрақұрылымдарына көңіл аудару аса маңызды. Сондықтан, аймақтық саясатқа аса мән берілуі тиіс. Аймақтық саясат мақсаты - маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты азайту. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру инфрақұрылымды, шаруашылық іс-әрекетті жақсартады, ал бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейін көтереді [2].

Біздің елімізде жүргізіліп жатқан нарықтық реформалар ауылдың экономикалық және әлеуметтік дамуына екі түрлі әсер етеді. Ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің төмендеуінен кейін ауылдық аумақтардың әлеуметтік саласында қанағаттанғысыз жағдай қалыптасты, бұл халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының едәуір төмендеуінен көрінді. Нарықтық трансформацияның теріс салдарын еңсеру, білім беру, медициналық, мәдени және сауда - тұрмыстық қызметтердің қолжетімділігін арттыру үшін ауылдық аумақтарды

дамытудағы ахуалдың нашарлау себептерін зерттеу және талдау және ауылдың әлеуметтік дамуын мемлекеттік реттеудің ғылыми негізделген әдістері мен құралдарын әзірлеу талап етіледі.

Елімізде ауылдық аумақтардың қазіргі ахуалы мен даму бағыты осы саладағы ауқымды өндірісті қамсыздандыратын инновацияларды енгізу және қолдану механизмдерінің жоқтығымен сипатталады. Жоғарғы тәуекелділік, қаржы тартудың жеткіліксіздігі, өндіріс саласының табыстылығының аздығы және аймақтардың даму ерекшеліктері инновацияны тарту мен инновациялық қызметтің белсенділігін арттыруға кедергі келтіруде. Аталмыш мәселелер ауылдық аумақтардың инновациялық қызметіндегі ұйымдастырушылықты және инновациялық механизмдерін жетілдіру бағытында ғылыми негізделген тұжырымдар жасауды қажет етеді. Осы орайда, ауылдық аумақтардың инновациялық дамуындағы аймақтық ерекшеліктер негізінде дамытуды басқару механизмдері мен әдістемелерін жасау, тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуде шетелдік тәжірибені қарастырып, зерттеп, Қазақстан жағдайына үздік тәжірибелерін енгізу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Аймақтық экономика экономикалық географиямен тығыз байланысты, бірақ оған қарағанда қолданбалы практикалық нәтижелерге бағытталған. Аймақтық экономика географиямен жақындығына қарамастан экономиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, экономикалық теория мен макроэкономикалық болжаумен, салалық экономикамен, статистикамен тағы да басқа әлеуметтік-экономикалық ғылымдармен тығыз байланысты. Аймақтық экономика экономикалық мәселелермен бірге экологияны әлеуметтік мәселелерді, демографияны, географияны, этнографияны тағы да басқа ғылымдарды қарастырады. Ауылдардың өзі кішігірім ұғым сияқты болып көрінгенімен, аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму аспектілерін зерттеу Ресейде ХІХ ғасырда, ал Қазақстанда ХХ ғасырдың аяғында ғылыми негізде дами бастады. Батыста аймақтық экономика «аймақтық ғылым» деп анықталады. Сондықтан, ауыл-аймақтың алға басуына жеңіл-желпі қарамай, нақты істер тындыру қажет [3].

Аймақ пен ауылдың дамуын мемлекеттік қолдаумен реттеудің негізгі мақсаты - аймақтардың тұрақты экономикалық өсуіне мүмкіндіктер жасау негізінде бүкіл республика экономикасының өркендеуіне жол ашу болып табылады. Ауыл аймақтары мен шаруашылығын мемлекеттік қолдау келесі бағдарламалар аясында жүзеге асырылады: "Бизнестің жол картасы-2020", "Агробизнес-2020", "Экспорт-2020", "Жұмыспен қамту-2020", "Тиімділік-2020", Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017- 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [15-21]. Көздеген мақсатқа жету - мемлекеттік және аймақтық мүдделердің бірлігін, олардың ұштастырылуын көздейді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Ауылдық аумақтар еліміздің экономикасының негізгі бағыттарының бірі және қоғамның саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып табылады. Зерттеу әдістері ауыл экономикасындағы ерекшеліктер мен проблемаларды көрсететін және ауылдық жерлердегі экономикалық даму ерекшеліктерін көрсететін отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары болды. Қаралатын мәселелердің ауқымы жеткілікті кең, оған ауылдық аумақтарды дамытуға байланысты және жоғары әлеуметтік маңызы бар проблемалар кіреді: ауылдық кедейлік, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендігі, әлеуметтік теңсіздік, қоғамдық игіліктер өндірісінің кемшіліктері және ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.

Мақаланың мақсатына сәйкес таңдалған әдістемелік құралдар ретінде ақпараттарды іріктеудегі жүйелік ұстаным, сипаттаудағы сандық және сапалық әдістер, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенің шетелдік тәжірибесі, оған әсер ететін факторларды анықтау үшін абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды. Теориялық ережелерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми интернет желісінің ақпараттық базасынан,

республиканың аграрлық-өнеркәсіптік кешені салаларын дамыту жөніндегі мақсаттық бағдарламалармен жеке бақылаулардың қорытынды деректері қарастырылды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Экономикалық тұрғыдан орнықты және әлеуметтік дамыған ауылдық аумақтар-мемлекеттің тұрақтылығының, Тәуелсіздігінің және азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі, сондықтан оларды дамыту векторы орнықты даму жөніндегі ұлттық саясаттың басым бағыты болуға тиіс. Біздің ойымызша, ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы - бұл болашақта осы қабілетті сақтай отырып, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік өмір салаларында сапалы және әділ даму градиенті бар ұзақ мерзімді (үздіксіз) дамудың мақсатты процесі. Ауылды дамыту, сөз жоқ, экономикалық өсуді және ауылдық қоғамдастықтардың адами капиталы сапасының өсуін бағамдайды. Агроөнеркәсіп кешендерінің дамуына шаруашылықты жүргізудің нарықтық тәсілі, табиғат жағдайының қолайлығы мен табиғи ресурстардың көптігі, ғылым мен білім әлеуетінің жеткіліктілігі, ішкі азық-түлік нарығының ауқымдылығы, экологиялық тұрғыдан қауіпсіздігі мен табиғи азық-түлік өнімдер өндіру мүмкіндігі факторлары ықпал етеді.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілінде агроөнеркәсіп салаларын үйлестіру, өндірісті түрлі табиғи-экономикалық аудандарда орналастыру, жергілікті табиғи-экономикалық жағдайларға бейімделген технологияларды қолдану, сақтандыру, несиелендіру, ауыл шаруашылығы өндірісінен тыс табыс көздерін іздестіру, сондай-ақ кешенге кіретін кәсіпорындар формаларының әртүрлігін, еңбекшілердің өндірісте, еңбек ұжымдарында мемлекеттік басқару үрдісіне жан-жақты қатысуына мүмкіндігін көрсетеді. Еліміздің табиғат жағдайы мен табиғи ресурстары агроөнеркәсіп кешендерінің дамуында маңызды рөл атқарады.

Алдымен, ауылдарды көркейтіп, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту не үшін қажет деген сауалға тереңінен тоқталсақ... Шынымен де, он сегіз миллион халқы бар қазақтың ауылдары да жетерлік. Ал шалғайда орналасқан қайбір ауылдарды қарасаң да ақсап тұрған тұсы жетерлік. Солардың ішінде ерекше назарға іліккендері Шығыс Қазақстан облысындағы шекара шебінде жатқан Күршім, Қатонқарағай, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары. Бұл аудандар тұмса табиғатымен таңғалдырады тау да, орман да, көл де, шөл де кездеседі. Мыңғырған мал бақсаң да, жайқалған бақша өсірсең де іске сәт, тек шекара түбіндегі көп ауылдардың бүгінгі күні кетеуі кетіп, тозығы жетіп тұр. Себебі жер шалғай, маман тапшы, қымбатшылық пен жұмыссыздық кернеп алған. Сондықтан көрші елмен астасып жатқан шекара жалаңаштана бастаған. Мұны өзім туып-өскен Марқакөл ауылының бүгінгі күнгі хәл- ахуалынан хабардармын.

Марқакөл - [Шығыс Қазақстан облысы](#), Күршім ауданына қарасты ауыл, орталығы [Марқакөл ауылдық округі](#). Ауылдың атауы [1992 жылға](#) дейін "Алексеевка", [2016 жылға](#) дейін "Теректі" деп аталып келген. Аудан орталығы - [Күршім](#) ауылынан шығысқа қарай 154 км-дей жерде, [Марқакөл](#) көлінің оңтүстігінде орналасқан. [1999 жылы](#) жергілікті тұрғындар саны 5020 адам (2439 ер адам және 2581 әйел адам) болса, [2009 жылы](#) 3489 адамды (1680 ер адам және 1809 әйел адам) құрады. Қазіргі күні халық саны мүлдем азайып кеткен, нақты саны белгісіз, себебі қалалық жерлерге үдере көшкен халықтың саны тым көп. Бұл ауылда 2 мектеп, 1 аурухана, 1 музыка мектебі бар. Ауыл округі бойынша тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ететін 13 азық-түлік дүкен, округ аймағында қазіргі күнге тіркелген 63, оның ішінде жұмыс жасайтын 47 жеке кәсіпкерлік бар. Биылғы жылы 1 техникалық қызмет көрсету станциясы, 1 қоғамдық монша, 1 шаштараз, 1 ән айтатын «караоке», 1 ағаш өңдейтін пилорама, 1 шаруашылық тауар, 2 түрлі бұйымдар дүкені, 1 тігінхана бой көтеруде. Марқакөл ауылдық округі бойынша былтырғы 2020 жылда малды асылдандыру мақсатында 7 шаруа қожалығы және 2 ауыл шаруашылығы өндірістік кооператив әртүрлі жұмыстар атқаруда. Мысал ретінде, биыл 6 шаруа қожалығы өз қаражаттарына 10 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. 2021 жылы ауылдық округ бойынша берілген жоспар тапсырма егістік құрылымы 3682 гектар. Ауылдық округ бойынша егістік алқабының: 730 гектары дәнді-дақылдар, 900 гектар күнбағыс, 187 гектар картоп, 100 гектар бақша, 115 гектар көкөніс, 1650 гектар көп жылдық және бір жылдық шөптер құрайды.

Шекара түбінде орналасқан бұл ауылдың шамы сөнуге айналған, мысалға кезінде 90-жылдары ауыл мектептерінде 1700-ге жуық бала оқыса, қазіргі күні 300-350 ғана екен. “Бұған не себеп?”- деген сұраққа ауыл тұрғындарынан келесідей жауап алдық: Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар демекші шекара түбіндегі ауданда баға бөлек азық та, дәрі-дәрмек те удай, жастар тұрақтамайды, ынталандыру жоқ, кадр тапшы, жол алыс, қатынас нашар. Қыста ауа райы, қар-боран кеселінен бұл ауыл айлап орталықпен байланссыз жататын кездері көп, ауылға азық-түлік құтқарушы тікұшақпен жеткізіледі. Ал Марқакөл округтік ауруханасында медициналық мамандардың барынан гөрі жоғы басым. Хирург жоқ, акушер жоқ операция жасалмайды, шұғыл босандыру керек болса 200 шақырым жердегі аудан орталығы Күршімге жібереді [4].

Өкінішке орай Марқакөл ауылы бойынша нақты деректер жоқ, дегенмен Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен аудан таратылып, аумақ Күршім ауданының құрамына енгеннен бері мәліметтер Күршім ауданы соның ішінде Марқакөл (Теректі) ауылдық округі бойынша жинақталған екен. Күршім ауданы солтүстігінде Катонқарағай ауданымен, батысында Көкпекті ауданымен, оңтүстік-батысында Тарбағатай ауданымен, оңтүстігінде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданымен, шығысында Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданымен шекаралас.

**Кесте 1.** Күршім ауданы бойынша халық ұлтының %-дық үлесі

	Қазақтар	Орыстар	Татарлар	Немістер	Ұйғырлар	Украиндар	Басқалары	Барлығы адам
2019	22 235 адам 91,34%	1 955 адам 8,03%	48 адам 0,20%	30 адам 0,12%	17 адам 0,07%	11 адам 0,05%	47 адам 0,05%	24 343 100,00%.
2020	21 951 адам 91,41%	1 898 адам 7,9%	50 адам 0,21%	28 адам 0,11%	21 адам 0,08%	13 адам 0,054%	52 адам 0,236%	24 013 100,00%.
Ауытқу								-330
<a href="https://ru.wikipedia.org/wiki">https://ru.wikipedia.org/wiki</a> [22] мәлімет негізінде автормен құрастырылған								

Кестеге сәйкес Күршім ауданы бойынша мәлімет берілген соның ішінде Теректі ауылдық округі 3767 адам Теректі ауылы, Ақжайлау ауылы, Қарашілік ауылы, Қараой ауылы, Қайнар ауылы, Бұлғары Табыты ауылы, Мойылды ауылы, Тентек ауылы, Матабай ауылдары бойынша таралған, жер көлемі 228645 гектарды құрайды екен. Халықтың әл-ахуалын, экономикалық жағдайын жергілікті тұрғындардан сұрақ-жауап алу арқылы аумақтағы жағдайды біршама айқындай түстім. Күршім ауданында 2010 жылы 37000 адам болса, 2020 жылы 24343 адам, Қатоқарағай ауданында 2010 жылы 37900 адам болса, 2020 жылы 23000 халық, Зайсан ауданында 2010 жылы 40400 адам болса, 2020 жылы 36979 халық, Тарбағатай ауданында 2010 жылы 57600 адам болса, 2020 жылы 38852 халық,

Үржар ауданында 2010 жылы 81400 адам болса, 2020 жылы 73760 халық ғана қалған. Шекараның бұлай жалаңаштануы қауіпті дейді көпті көрген қариялар. Осындай жағдай тек Шығыс Қазақстан облысында ғана емес, мемлекетіміздің барлық шекаралық аймақтарынан көрініс табатының аңғару қиын емес. Сондықтан бұл мәселеге жеңіл қарамай, қолға алған жөн. Осы нақты мәселе мемлекеттің кірісуінсіз, мемлекеттің әлеуметтік- экономикалық реттеуінсіз шешімін таба қоймайды [22].

Деректерге сүйенетін болсақ, шекарадағы аудандарды дамыту үшін облыста кешенді бағдарлама қабылданып, ол үшін 218 млрд. теңге қаржы қарастырылған екен. Алайда, бұл құжаттың үдере көшкен жұртты тоқтатуға күші жетпей жатқанға ұқсайды. Сонымен қатар,

осы бағдарламаның барсында шекарадағы халықты шашыратпау үшін мемлекет тарапынан іс шаралар жасалынуы тиіс.

Тақырыпты зерттеу барысында жергілікті халықтан сауалнама жүргізілген. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде өңірдегі зейнеткерлердің үлесі халықтың 15-20%-ін құрайды екен, бұған қоса 5-10% мүгедек тобындағы жандар бар. Жәрдемақының орташа мөлшері 60-70 мың теңгені құрайды.

Осындай жағдай Марқакөл ауылынан 1 шақырым жердегі Мойылды ауылында да кездеседі. Кезінде мойыл жемісі төгілген қорасы малға, үйі жанға толы ауылдың бүгінде күні қараң. Қазаны оттан түспеген құтты мекеннен, қайнаған тірліктен қазір түкте жоқ, қаңыраған жер үйлер ғана сол заманның жансыз куәсі. Кезінде азан-қазан болып жататын бұл жерде 60-тан астам үй, 300-ден артық тұрғын болған екен. Ел көшкенде жер жетім, қазір міне шекара шебіндегі тұтастай бір ауыл қаңырап бос қалған. Тек Мойылды оңалар, Марқа марқаяр деп соңғы көшті бастағысы келмей отырған 3-4 үй ғана қалыпты. Бұл ауылдан ары қарай Қазақстан бітеді, көз ұшында мен мұңдалап Қытай тұр. Бұдан байқайтынымыз шекара шебінде тосқауыл болатын Марқакөлдің де іргесінің сөгіліп бара жатқандығын көрсетеді [4].

Жалпы ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі әлеуметтік-экономикалық саясатты адамдардың лайықты өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің, ауылдық жерлердің, ғылымның, бизнестің және азаматтық қоғамның өзара жауапкершілігі саласы ретінде, ал өмір сүру сапасын ауылдық дамуды мемлекеттік реттеу тиімділігінің өлшемі ретінде қарау керек. Ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу жүйесі ауылдық даму саясатының сындарлы-мазмұндық көрінісі ретінде интеграцияланған, әртүрлі ауылдық елді мекендердің мүдделеріне сәйкес келуі тиіс (саны, қашықтығы, экономиканың, әлеуметтік саланың даму деңгейі және т.б. бойынша) және бұл ұстаным қазіргі уақытта неозндогендік тәсіл шеңберінде шешілуде. Бұл ретте, ауыл қоғамдастықтарының нарыққа органикалық бейімделуі мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару, кооперация және т.б. түрінде институционалдық ресімделуі тиіс және аумақтың (табиғи, адами, экономикалық, тарихи, мәдени және т. б.) ішкі әлеуетін ашуға бағытталған нысаналы даму бағдарламалары шеңберінде ауыл тұрғындарының мүдделерімен органикалық келісілген мемлекеттік көмектің ауқымы сөзсіз маңызды болып табылады.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғанның барлығын саралай келе, ауылдық округ әкімінен орындалып жатқан шаралар жайлы сұрастырдық. Ауылдық жерді көркейту мақсатында бірқатар шаралардың іске асырылып жатқандығын, оның ішінде: «Агробизнес» бағдарламасы бойынша ауылшаруашылығын қолдауды несиелендіру, «Бизнестің жол картасы - 2025» бағдарламасы бойынша «Даму» қоры арқылы шаруа қожалықтарына қаржылай гранттардың беріліп жатқандығы және тағы басқа шаралар арқылы ауыл абаттандырылып, көшелер жарықтандырылып, асфальт төселіп, ауыл шаурашылығы тауарын өндірушілер техникалары жаңаланғандығын, «Марқакөл» орталық стадионына жөндеу жұмыстары жасалғандығы, түрлі дене шынықтыру-сауықтыру алаңдарының салынғандығын, коммуналдық мекемелер ғимараттары күрделі жөндеуден өткендігі, халықты жұмыспен қамту шаралары жүргізіліп жатқандығы атап көрсетілді. Жүргізіліп, жасалып жатқан шаралардың үдере көшкен жұртты тоқтатуға қауқары әлі күнге жетпеуде.

Қорытындылай келе қарастырған мәселені шешудің қандай жолдары бар екендігін іздестіріп, келесідей түйін жасадық:

- біріншіден жер шалғайлығы, жол ауырлығы әбден қинаған халыққа жаңадан темір жол, тас жолдарын, су жолдарын салу;

- екіншіден табиғаты атақты Швейцариядан бір-бір кем түспейтін Марқа, Қатонқарай сондай-ақ шекара шебіндегі аудандарда туризмді дамыту. Себебі туризмнен түскен қаржы облыстық, аудандық бюджеттерді толтырып, бұл аймақтар өз-өзін қаржыландыруға қауқарлы болады;

- үшінші ол қойнауы газға толы Зайсан, асты кенге толы Марқа жерлерінде өндірістің көздерін көбейту қажеттігін мен айтпасам да түсінікті дүние. Алайда, осы аталған мәселер өз шешімін әлі күнге таба алмауда;

- төртіншіден Қытай елінде шекаралық аймақтар тұрғындарына сол аймақты мекендегені үшін жәрдемақы, сондай-ақ жалақыға үстемақы қосылады екен. Бәлкім осы тәжірибені біздің де қолдануымыз керек шығар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Программы развития регионов до 2020 года: утв. 28 июня 2014 года, №728
2. Асылбаев К.Б. Теории регионального развития как методологическая основа формирования региональной политики Казахстана // Матер. междунар. науч.-практ. конф. для молодых ученых «Интеллектуальное лидерство: взгляд в будущее» / Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан. – Астана, 2015. – Т. 1. – С. 275-281
3. Казахстан в цифрах / Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике. – Астана, 2015. – 33 с. 78 Указ Президента Республики Казахстан. Об утверждении Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2020 года: утв. 21 июля 2011 года, №118

Арнайы репортаж: Шекарадағы ауыл шамы сөнбесін// [Jelektronnyj resusrs].-2020

URL: <http://youtu.be/DPz-R3W2IJo>

4. Регионы Казахстана в 2015 году: стат. ежегод. / Министерство национальной экономики РК. Комитет по статистике. – Астана, 2016. – 456 с.
5. Асылбаев К.Б. Группировка регионов Казахстана методом кластерного анализа с целью выявления особенностей их социально-экономического развития // Матер. XII междунар. науч.-практ. конф. «Wschodnie partnerstwo 2016». – Варшава, 2016. – №2. – С. 3-15
6. Асылбаев К.Б. Оценка качества жизни в регионах Республики Казахстан // Экономика и статистика. – Астана, 2016. – 2006. – №4. – С. 137- 140. 89 Диагностика конкурентоспособности регионов Республики Казахстан. Обзор текущей и стратегической конкурентоспособности / АО «Институт экономических исследований»; Центр регионального развития и исследований конкуренции. – Астана. – 2016. – 141 с.
7. Программа развития ВКО на 2016-2020 годы / Акимат ВКО. – Ускаман, 2016, 72 Б.251

8. Әбдрахманова А.С. Экономиканы мемлекеттік реттеу: оқу құралы, - 2008

Мырзалиев Б.С. Государственное регулирование экономики: учебник, Алматы: Нұр - Пресс, 2007. –С. 522

9. Бримбетова Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития; - Алматы: Институт экономики МОН РК, 2006. - С. 26
10. Бурлаков Л.Н. Модернизация системы регионального и местного самоуправления в Республике Казахстан: автореферат дис... канд.экон.наук– Алматы, 2006. - С.30
11. Жалелева Р.З. Приоритеты совершенствования структуры хозяйства регионов Казахстана: - Алматы: Институт экономики МОН РК, 200.- С. 30
12. Исаева М.Г, Нурланова Н.К. Методы и практика оценки уровня устойчивости развития регионов Казахстана; – Алматы: Институт экономики МОН РК, 2006.- С.26

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 25 тамызда, №522 бекітілген// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000168>. 25.08.2018

13. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000860> . 13.03.2017г
  14. «Экспорт 2020» экспорттауды дамыту және ілгерілету Бағдарламасы. Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарда үдемелі индустриалдық - инновациялық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 29 қарашасындағы 1625 қаулысымен отандық өнімдерді сыртқы рынокқа экспорттаушылардың шығынын орнын толтыру жолы арқылы шығару бойынша мемлекеттік қолдау жасау жағдайлары мен Ережелері бекітілді. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/1.2010 жылдың 29 қарашасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Жұмыспен қамту 2020 жол картасын бекіту туралы: 2015 жылдың 31 наурызда, №162 бекітілген // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> . 31.03.2015 ж.
  15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Өнімділік 2020" бағдарламасын бекіту туралы: 2011 жылдың 14 наурызда, №254 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>. 14.03.2011 ж.
  16. [Қазақстан Республикасы](#) Президентінің Жарлығы. "Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту" жөніндегі мемлекеттік бағдарлама: 2010 жылдың 19 наурызда, №958 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>. 19.03.2010ж
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2018 жылдың 12 шілдесі, №423 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>. 12.07.2018ж. [Jelektronnyj resuscrcs].-2009 URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>

УДК 35.075.71

## ДЕЦЕНТРАЛИЗАЦИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ ИНСТИТУТА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**Жарасханова Орнай Жайылханқызы,**

[ornaj@inbox.ru](mailto:ornaj@inbox.ru)

студентка 2 курса ОП «Государственное и местное управление»

Актюбинский региональный университет им. К.К.Жубанова,

Актобе, Казахстан

Научный руководитель - Сайымова Мейрамкул Дулатовна,

PhD, профессор

**Введение.** Анализ разных литературных источников и практика показывают важность исследуемой работы для многих современных государств. Обращение к теоретико-методологическим аспектам проблемы и уточнение дефиниций показывают, что во всех странах местное управление рассматривается через призму отдельного уровня государственного управления и развития самоуправления на местном уровне. В настоящее время одним из наиболее важных вопросов для Республики Казахстан является совершенствование государственного строя, значения включая социально разделение полномочий органов государственной власти призму и дальнейшее развитие местного самоуправления. Административные и экономические механизмы играют особую роль в экономической, социальной и политической демократизации государства, совершенствовании местного самоуправления.